

1943 жылдан
басылымда
(6205)
09 мамыр
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ОТАН САҚСЫСЫ

19



БАРЛЫҒЫ БІР
МАҚСАТҚА
ЖҰМЫЛҒАН

3




В НЕБЕ ОН БЫЛ
НЕУСТРАШИМ.
ТАЛГАТ
БЕГЕЛЬДИНОВ

5



ӘСКЕРИ
ОТБАСЫНЫҢ
ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

7



ШЕКАРАШЫ БАЛАҚАЙ: жүрекке жол ашқан жоба



Астананың көктемгі таңы ерекше сергек басталды. Күн сәулесі қалаға жылы нұрын төгіп, ал балалардың шат күлкісі елорданың тынысымен үндесіп тұрғандай әсер қалдырды. Осы бір жарық пен көңіл күйге толы сәт қалаға жаңа рухани оқиғаның жақындап қалғанын аңғартқандай еді.

Осылайша, 2026 жылғы 5 мамыр күні Отан қорғаушылар мерекесі қарсаңында елордадағы «Тапұт» көшенінде «Шекарашы балақай» мультхикаясының салтанатты тұсаукесері өтті. Бұл тек жаңа анимациялық жобаның таныстырылымы ғана емес, жүректерді тербеген, ұрпақтар сабақтастығын сездірген рухани мазмұндағы ерекше шараға айналды.

«Шекарашы балақай» — Қазақстандағы әскери тақырыптағы тұңғыш анимациялық жоба. Оны ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Әскери-патриоттық қызмет басқармасы «Balapan» телеарнасымен бірлесе жүзеге асырды. Жобаның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, мемлекеттік

шекараның қасиетті ұғым екенін ұғындыру, әскери қызметтің абыройлы жол екенін бала тілімен жеткізу.

Салтанатты шара барысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары генерал-майор Төлеужан Джунусов сөз сөйлеп, жобаның маңыздылығына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі таңда Шекара қызметі жүйесінде 380 әскери-патриоттық клуб жұмыс істеп, оларда 5 700-ден астам жас тәрбиеленуде. Бұл – ел болашағына салынған сенімді іргетас.

«Шекарашы балақай» сияқты жобаның дүниеге келуі біз үшін үлкен қуаныш. Бұл – тек мультхикая емес, балаларға түсінікті тілде Отанға қызмет ету, шекара күзетшілерінің еңбегін құрметтеу, ел алдындағы жауапкершілікті сезіну құндылықтарын жеткізетін заманауи құрал, — деді генерал-майор.

Күндізгі жарыққа толы залда өткен тұсаукесердің ең әсерлі сәті – мультхикаяның алғашқы бөлімдерін тамашалау болды. Экранға қадала қараған балалардың жанарынан шынайы қызығушылық пен қуаныш

байқалды. Олар кейіпкерлермен бірге қуанып, бірге толқып отырды. Әрбір бөлімнен кейін естілген ду қол шапалақ – кішкентай көрерменнің үлкен жүрекпен берген бағасы еді.

Шараға әскери-патриоттық клубтардың тәрбиеленушілері, мектеп оқушылары, қонақтар тек көрермен болып қана қоймай, мультхикаяны жасаған шығармашылық топпен жүздесіп, жылы пікірлерін білдірді. Көпшілік мұндай жобалардың жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда айрықша рөл атқаратынын атап өтті.

Осындай сәттерде бәріміздің жүрегімізде бір ғана сезім оянады – мақтаныш. Себебі бұл тек бір жобаның жетістігі емес, бұл – ұлттық рухтың жаңғыруы. Балаларға ұнаған дүние – қоғамға да қажет құндылық. Еңдеше, «Шекарашы балақай» әр шаңырақтың төрінен орын алып, әр баланың сүйікті кейіпкеріне айналарына сенім мол

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ.
Суреттерді түсірген
капитан Ө. АЙТӨЛІ, «OS-CP».



БЕЙБІТ ӨМІРДІҢ ЖАРШЫСЫ

Бұл бөлімше еліміздің солтүстік-шығысындағы Бородулиха ауданына қарасты Петропавловка ауылының маңында орналасқан. Қазіргі таңда бұл бөлімше – Абай облысының шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі тіректердің бірі.

Бөлімшенің инфрақұрылымы заман талабына сай. Мұнда қару-жарақ сақтайтын қоймалар, оқу-жаттығу қалашықтары, автотұрақ, бақылау бекеттері, инженерлік кедергілер мен шекаралық құралдар орнатылған. Бұл – шекараны сенімді күзетуге мүмкіндік беретін маңызды факторлар. Қазіргі уақытта бөлімше штаты толық қамтылған. Олардың барлығы арнайы дайындықтан өткен кәсіби мамандар.

Бөлімшенің әскери қызметшілері күнделікті сабақтар мен жаттығулар арқылы кәсіби даярлықтарын арттырып отырады. Теориялық білім мен практикалық машық, физикалық және жауынгерлік дайындық – сарбаздар мен офицерлер үшін басты талап. Бөлімше басшылығы әрбір



әскери қызметшінің білімді, тәртіпті әрі жан-жақты дайын болуына баса назар аударады.

2023 жылы бөлімше сарбаздары Бангладеш елінің бес азаматын шекараны заңсыз кесіп өтпек болған жерінен ұстады. Бұл – шекарашылардың қырағылығы мен кәсібилігінің нақты дәлелі. Мұндай табандылық пен өз ісіне адалдық еліміздің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Әлішер Мырзахан 2021 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітіріп, алғашқы қызметін «Қарағайлы» шекара бөлімшесінде бастаған. Өзінің адалдығы мен біліктілігімен көзге түсіп, 2024 жылы «Ақсақал» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды.

Бөлімше бастығының тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары лейтенант Төлеужан Жақсылық 2025 жылы қайта даярлау курсына тәмамдап, қызметін «Қоянбай» шекара бөлімшесінде бастаған. Бүгінде әскери тәртіп пен адамгершілікті үйлестіре отырып, жеке құраммен тығыз жұмыс жүргізіп келеді.

Бөлімше тек шекара күзетумен ғана шектелмейді. Жергілікті елді мекендермен тығыз байланыс орнатып, түрлі әскери-патриоттық іс-шаралар, «Ашық есік» күндері, қайырымдылық акциялары, жастармен кездесу, бірлескен рейдтер ұйымдастырады. Бұл – халық пен шекарашылар арасындағы сенім мен ынтымақтастықты арттыратын маңызды бағыт.

«Ақсақал» шекара бөлімшесі – Абай облысының қауіпсіздік айнасы. Бұл бөлімшеде қызмет ету – ел алдындағы борышты абыроймен атқару. Шекара – тек жер мен шекара сызығы емес, ол – Отанның намысы. Осындай жүректі де қайсар әскери қызметшілердің арқасында еліміздің тыныштығы мен бейбіт өмірі қамтамасыз етіліп келеді.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР». Суреттер басқармадан



БАРЛЫҒЫ БІР МАҚСАТҚА ЖҰМЫЛҒАН



Таңғы шық әлі тарқамаған, шекара бойындағы тыныштықта тек күзет мұнарасынан көз тастаған сарбаздың қырағы жанары ғана қозғалысты аңғарады. Бұл – ел шебінің тынысы. Бұл – мемлекет шекарасын кірпік қақпай күзетіп тұрған ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасы «Ынтымақ» шекара бөлімшесінің күнделікті тіршілігі.

Түркістан өңірінің оңтүстігінде орналасқан бұл бөлімше – тек әскери нысан емес, ол – тәртіп пен жауапкершіліктің, сергектің пен сенімнің шынайы мектебі. 1999 жылдың күзінде іргесі қаланған «Ынтымақ» шекара бөлімшесі содан бері талай сынақтан өтіп, бүгінде шекара күзетінің сенімді тірегіне айналды. Оның жауапкершілік аумағы – Жартытөбе ауылдық округі. Мұнда үйлердің шекараға жақын орналасуы – әрбір әскери қызметшіге қосымша міндет жүктейді. Әрбір қозғалыс, әрбір із – бақылауда. Шекара бойы бүгінгі таңда жай ғана сызық емес – ол күрделі инженерлік жүйе. Темір қоршаулар, «ГОВИ» сигналды кешені, бейнебақылау құрылғылары – барлығы бір мақсатқа жұмылған: ел шебін мызғымастай қорғау.

Осы жүйенің жүрегі – адам. Сол адамдардың бірі –

бөлімше бастығы капитан Нұрбек Құсайын. Жас болса да, жауапкершілігі зор офицер үшін шекара – жай ғана қызмет орны емес, бұл – өмірлік ұстаным. Күнделікті қызмет бір қарағанда бірсарынды көрінуі мүмкін. Бірақ дәл осы «бір-сарынды» тәртіптің артында үлкен жауапкершілік жатыр. Бір сәттік босаңсу – орны толмас салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан мұнда әрбір әскери қызметші уақытпен емес, тәртіппен өмір сүреді.

«Шекара – бұл картадағы сызық емес. Ол – сенім мен қауіпсіздіктің шебі. Біз сол шепті қорғап тұрмыз», – дейді бөлімше бастығы.

Соңғы жылдары бөлімше бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Инженерлік дайындық бойынша өткен байқауда жүлделі орынға ие болуы – соның бір дәлелі. Бұл – тек ма-

рапат емес, бұл – кәсібиліктің көрсеткіші. Ал нақты қызмет нәтижесіне келсек, ағымдағы жылы көші-қон заңнамасын бұзудың бірнеше дерегі анықталып, шекара режимін бұзу фактілері тіркелді. Бұл – бөлімшенің қырағылығы мен жедел әрекетінің нәтижесі.

«Ынтымақ» – жай ғана атау емес. Бұл – ұжымның болмысын айқындайтын ұғым. Мұнда әрбір сарбаз бір мақсат жолында бірігеді: ел шекарасын қорғау.

Шекара тыныш болса – ел тыныш. Ал сол тыныштықтың күзетінде тұрған «Ынтымақ» шекара бөлімшесінің жауынгерлері – тәуелсіздіктің үнсіз сақшылары.

Подполковник Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген қатардағы С. МАРХАН.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛТЫН КӨПІР



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының өткізу пункті – еліміздің экономикалық, сауда және туристік байланыстарды дамытудың стратегиялық маңызы аса жоғары нысаны. Орталық тек екі ел арасындағы шекаралық өткел ғана емес, сонымен қатар Еуразия кеңістігін байланыстыратын ірі логистикалық және халықаралық қатынастар торабы болып саналады.



Өткізу пунктінің негізгі ерекшелігі - оның көпжақты халықаралық мәртебеге ие болуы. Мұнда жүк және жолаушы тасымалы қатар жүзеге асырылады. Күн сайын орта есеппен он мыңнан астам адам мен үш жүздей көлік құралдары өтеді. Жолаушылардың басым бөлігін ел азаматтары құрағанымен көршілес елдерден және алыс шет мемлекеттерден келетін азаматтардың үлесі де едәуір. Аталған көрсеткіш «Қорғас» орталығының халықаралық маңызын көрсетеді.

Шекара сақшылары мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Өткізу пунктінде төлқұжаттық бақылау, көлік құралдарын егжей-тегжейлі тексеру сияқты кешенді шаралар жүргізіледі. Қазіргі уақытта қауіпсіздік жүйелері одан әрі жетілдіріліп, бейнебақылау, периметрлік күзет және автоматтандырылған бақылау жүйелері енгізілуде. Алдағы уақытта «Q-gate» жүйесінің орнатылуы өткізу процесін жылдам әрі қауіпсіз етуге мүмкіндік береді.

Шекарашылардың қырағлығы мен кәсібилігі арқасында заңсыз әрекеттердің алдын алу жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Түрлі құқық бұзушылық деректері анықталып, есірткі

заттары, бағалы металдар мен табиғатқа зиян келтіретін заңсыз жүк түрлері тәркіленуде.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының өткізу пункті - тек экономикалық байланыс нүктесі ғана емес, Қазақстанның халықаралық аренадағы стратегиялық орны. Орталық сауда, туризм, көлік және қауіпсіздік салаларын бір арнаға тоғыстырып, ел дамуына елеулі үлес қосуда.

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР».
Суреттер шекаралық бақылау бөлімінен

АҚЖОЛТАЙ ЖАҒАЛЫҚ

МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНЫҢ НАҚТЫ КӨРІНІСІ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасының әскери қызметшілері үшін қуанышты жаңалық орын алды. Олар Отбасы банк арқылы жүзеге асырылып жатқан «Әскери Наурыз» тұрғын үй бағдарламасының аясында баспаналы болды.

Аталған бағдарлама – әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыдан қолдауға бағытталған маңызды мемлекеттік бастамалардың бірі. Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген әскери мамандар үшін бұл үлкен қолдау әрі олардың қызметіне берілген лайықты баға деуге болады. Басқарманың жеке құрамы техниканы қалпына келтіру, қару-жарақтарды жөндеу, олардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету секілді жауапты міндеттерді атқарады. Күнделікті күрделі әрі маңызды жұмысты абырой-



мен атқарып жүрген мамандар үшін тұрғын үй мәселесінің шешілуі – қызмет тиімділігін арттыруға да оң ықпал етеді.

Салтанатты түрде пәтер кілттерін табыстау рәсімінде сөз алған жауапты тұлғалар бұл бастаманың маңыздылығына тоқталып, әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табатыны жеткізілді. Жаңа баспанаға қол жеткізген әскери қызметшілер мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау үшін алғыстарын білдіріп, ел тыныштығы мен шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында адал қызмет етуді жалғастыра беретіндерін айтты. Мұндай игі бастамалар әскери қызметтің беделін арттырып қана қоймай, жастарды Отан қорғау ісіне ынталандыратыны сөзсіз. Әлеуметтік тұрақтылық пен сенімді болашақ – мықты армияның кепілі.

Лейтенант
Д. ЖАМУХАМБЕТОВ,
«ОС-ЧР». Суретті түсірген
Б. ӘДІЛХАН.



БЫТЬ ВСЕГДА ВПЕРЕДИ!

В Департаменте ПС КНБ по Западно-Казахстанской области служит офицер с большим профессиональным опытом – подполковник Улман Абишева. Сегодня она является примером преданности службе, стойкости характера и настоящего офицерского достоинства. Однако в юности она и представить не могла, что свяжет свою жизнь с военной службой.

Будучи студенткой 4 курса факультета иностранных языков, Улман строила планы стать переводчиком и работать на Караганакском месторождении. Престижная работа, стабильность и высокая заработная плата казались очевидным будущим. Но судьба распорядилась иначе.

Однажды в университет с агитационной программой приехал представитель органов национальной безопасности. Он рассказал студентам о возможности обучения в Военном институте ПС КНБ. Эти слова неожиданно нашли отклик в сердце девушки. Во многом решение определил ее характер: если поход – то обязательно первой разжечь костер, если поездка в лагерь – лучше всех играть на гитаре, если олимпиада – представлять область. С детства она привыкла быть среди лучших и всегда идти вперед.

Фраза офицера: «Есть такая профессия – Родину защищать!» стала для нее судьбоносной. Именно тогда Улман Муратовна поняла: она хочет посвятить себя служению стране и стать женщиной-защитницей Отечества.

Этот выбор стал началом большого пути. Вместе с ней в Алматы поступать в Военный институт отправились еще несколько девушек из Уральска: боевая А. Кулмуханбетова, дипломатичная М. Жанабергенова и целеустремленная А. Нагибова. За три тысячи километров от дома между ними зародилась крепкая дружба, которую они сохранили на долгие годы.

Первый месяц обучения оказался самым сложным. Подготовка к сдаче нормативов, курс молодого бойца, месяц на полигоне, ранние подъемы, многокилометровые марш-броски, стрельбы и бесконечные тренировки стали настоящей школой мужества.

Сегодня, приезжая на полевой учебный центр в поселке Караой, женщины-офицеры

с улыбкой вспоминают те первые испытания, ставшие для них началом настоящей военной жизни.

После полевого этапа курсантов ждала подготовка к принятию Военной присяги. Многочасовые строевые занятия, строевой шаг под песни, дисциплина и ответственность – все это формировало будущих офицеров. А затем наступил долгожданный день присяги и первое увольнение в город.

После она вернулась в родной Уральск, где началась ее настоящая офицерская служба. Молодой офицер училась у опытных

наставников – прапорщика Г. Альпеисовой, капитана Е. Оспанова и прапорщика Б. Хайдарова, которые помогли ей быстрее освоиться в службе.

За годы службы подполковник Абишева проходила службу на автомобильных, железнодорожных и авиационных пунктах пропуска. На ее счету – выявление нарушителей государственной границы, поддельных документов, фактов незаконного провоза рогов сайги и множество других задержаний.

Она стала первой женщиной-офицером, направленной для прохождения службы в Жанибекский пограничный отряд. Полученный опыт в войсковой части 2036 позволил ей впоследствии продолжить службу в управлении Департамента. Более семи лет она посвятила кадровой работе, а в 2025 году, спустя 21 год безупречной службы, ей было прис-

воено воинское звание «подполковник».

Ее боевые подруги сегодня служат в разных уголках Казахстана, однако многолетняя дружба сохранилась, как и верность выбранному делу – службе в рядах Пограничной службы.

За каждым сильным офицером всегда стоит надежный тыл. Семья – супруг, родители и дети – во всем поддерживали и продолжают поддерживать ее. Муж, полковник в отставке, с пониманием относится к особенностям службы и всегда знал цену офицерскому труду.

Младший сын с детства восхищается военной формой и мечтает продолжить семейную династию. И Улман Абишева уверена: если в человеке живет стремление служить Родине, значит это действительно призвание, которое передается сердцем и воспитывается примером.

**Майор А. НУРТАЗИНА, ДПС по ЗКО.
Фото из личного архива У АБИШЕВОЙ.**



ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ – ЖЕҢІСКЕ ҚҰРМЕТ



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығы – тарихтың тағылымын терең сезіндіретін, бейбіт өмірдің қадірін ұғындыратын айрықша күн. Бұл – қан майданда жанын қиған боздақтарды еске алып, ел үшін от кешкен батырлардың рухына тағзым ететін қасиетті мереке. Сұрапыл соғыс жылдарындағы ерлік – тек өткеннің шежіресі ғана емес, бүгінгі тәуелсіздіктің темірқазығы, болашаққа бағыт беретін рухани бағдар.

Отан үшін от кешкен майдангерлердің жанқиярлығы мен қайсарлығы бүгінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала бермек. Сондықтан олардың ерлігін ұлықтау, жас буынның санасына сіңіру – әрбір азаматтың, әсіресе әскери қызметшілердің қасиетті борышы.

Осы ұстанымды берік ұстанып келе жатқан әскери ұжымдардың бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қасым Қайсенов атындағы» шекара бөлімшесі. Бұл бөлімшенің қызметі тек мемлекеттік шекараны күзетумен шектелмейді. Мұнда елдік рухты қалыптастыру, тарихи жадыны жаңғырту, батырлар ерлігін насихаттау ісі де жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Биыл Жеңістің 81 жылдығына орай және Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтің туған күніне арналған тағылымды шара бөлімшеде ерекше мәнде ұйымдастырылды. Тақырыптық кеш барысында батырдың өмір жолы, жауынгерлік ерлігі, партизандық күрестегі қайсарлығы кеңінен насихатталды. Жас сарбаздар үшін бұл – тек тарихи дерек емес, рухани тәрбие, елдік сананы қалыптастыратын маңызды сабақ болды.

Осындай іс-шаралардың маңызы зор. Өйткені әскери қызмет – тек бұйрықты орындау ғана емес, ол – елге адал қызмет етудің биік үлгісі. Батырлар ерлігін ұлықтау арқылы бүгінгі сарбаздар өздерінің кімнің жолын жалғап келе жатқанын терең түсінеді.

Бөлімше бастығының орынбасары, жас офицер лейтенант Алишер Паттаров атап өткендей, батырлар ерлігін дәріптеу – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағыт. Шынында да, бүгінгі шекарашылардың иығына артылған жауапкершілік – сол майдангерлер қорғап қалған қасиетті жердің тыныштығын сақтау.

Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтің өмір жолы – ерлік пен табандылықтың айқын үлгісі. 1918 жылы Шығыс Қазақстан өңірінде дүниеге келген ол соғыс басталған сәттен бастап алғы шепке аттанды. Жау тылында әрекет ететін партизан жасақтарының құрамында болды.

Украина жерінде жүргізілген партизандық күрес – ерекше батылдықты талап ететін қауіпті міндет еді. Осындай күрделі жағдайда Қасым Қайсенов өзінің қайсар мінезі мен батылдығын таныта білді. «Вася» деген атпен белгілі болған ол жау тылында жүріп, сан мәрте ерлік көрсетіп, қарсыласқа ауыр соққылар жасады.

Оның басқаруындағы партизан жасақтары жаудың байланыс желілерін бұзып, маңызды стратегиялық нысандарды жойып отырды. Бұл әрекеттер майдандағы жалпы жағдайға елеулі әсер етіп, Жеңіске жақындауға өз үлесін қосты. Қасым Қайсеновтің ерлігі – тек әскери шеберліктің емес, нағыз отансүйгіштіктің көрінісі.

**Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Суретті жолдаған лейтенант А. ПАТТАРОВ.**

В НЕБЕ ОН БЫЛ НЕУСТРАШИМ

Летчики – народ особый. Когда они ведут разбор полетов, руки их, словно самолеты. Вот одна с развернутой ладонью пошла вверх, другая устремилась за ней, вот они изображают горку, вираж, пике, смелый таран. И Талгат Якубекович, рассказывая о своих полетах, энергично жестикулирует, вспоминая давние бои, которые, как кажется, ветеранами были только вчера. На фронте и терминология летчиков отличалась своей необычностью. «Мессершмит» для них – «мессер», Ил-2 – «горбатый» или «горбун» за его необычный профиль, истребителей называли «маленьких» за их небольшие габариты, юркость и высокую маневренность в воздухе.



Военный журналист «Казхстанской правды» Махин: «Талгат Якубекович, Вы знали Бауржана Момышулы?».

Он отвечает: «Я знать не знал Бауржана Момышулы. Однажды приходил его сын в 1992 и в 1997 годы с письмом, просьбой о награде в Москву. И я его подписал. Я никакого отношения к Бауржану Момышулы не имел. У меня был свой круг общения: дважды Герои, заслуженные военные летчики-штурмовики, однопольчане, мы часто с ними встречались в Москве и в Киеве».

Летчики были всегда элитой обороны и на войне, и в мирное время, всегда друг друга поддерживали.

День Победы – 9 мая был для меня самый Великий, лучший праздник для моей жизни. Дважды героев летчиков-штурмовиков было 108 человек. Из них 8 человек по-смертно были награждены героями. Из 100 человек мы остались только вдвоем в 2010 году с Одинцовым, дважды герой, генерал-полковник авиации.

Где бы я ни был, авиация и самолеты навсегда останутся в моей душе. Они так и пройдут со мной, я пронесу их в своем сердце через всю жизнь, до конца, через все предназначенные мне этапы».

«Следует сказать, что в мирную жизнь я шел не с пустыми

руками. Последний послевоенный период, сознавал, что так или иначе не сегодня, так через год, идти в отставку. Учитывая это, я заранее сумел окончить в Москве Всесоюзный политехнический инженерно-строительный институт. Это и определило мой дальнейший трудовой и весь последующий жизненный путь. Расставшись с авиацией, военной, я по воле судьбы, все-таки в принципе, снова оказался при ней. Правда, теперь вроде как косвенно, но стал строить взлетно-посадочные полосы для самолетов, обеспечивать им жизнь полноценную, удобную, завершив строительство аэродромов, я как бы оглянулся на пройденный уже после войны, но не на гражданский по-фронтовому. Итог был неплохой. Свидетельство тому – многочисленные почетные грамоты Верховного Совета Казахской ССР и другие награды за отличное выполнение заданий в деле развития воздушного транспорта в республике».

И что теперь? Кажется, как гражданин Бегельдинов сделал если не все возможное, то достаточно многое для своей Родины, как патриот, ее защитник и как труженик. Как на фронте, как при выполнении боевых заданий. Так было.

При встречах с молодежью

Талгат Якубекович всегда давал ей наказы.

«Свою горячую признательность и глубокое уважение за боевые заслуги на фронтах войны и высокие заслуги в труде в мирное время, выражает мне мой народ, трижды избирая депутатом Верховного Совета СССР, депутатом Алматинского городского Совета. По воздушным трассам Казахстана день и ночь летят самолеты. Они везут пассажиров, важные народнохозяйственные грузы. Линии перевозок становятся все длиннее, достигают самых отдаленных уголков республики. И я счастлив, что в этом есть доля моего труда. Теперь я регулярно встречаюсь с молодежью, бываю на предприятиях, в институтах. Юноши и девушки внимательно слушают о боевых делах летчиков в годы Великой Отечественной войны».

Трудная доля досталась моему поколению: в упорной и жестокой борьбе с немецко-фашистскими захватчиками отстаивать свободу и независимость нашей Родины, защищать прекрасное будущее.

Я горжусь тем, что являюсь воспитанником огненного поколения в рядах которого ковались мужество и героизм, и я снова мысленно возвращаюсь к памяти тех тысяч юношей и девушек, имена которых навечно вписаны в героическую летопись нашей Родины! Они бессмертны в памяти народа».

Пример для всех поколений о величии силы духа тех, кто с мечом в руках поднялся на защиту родной земли и родительского очага».

Говоря о нашей Великой Победе можно сказать многое, эти слова не вмещаются в короткие выступления, объемные доклады, исторические исследования, они безмерны в оценке восхищения подвигом тех, кто 1418 дней и ночей прошел огненными дорогами войны, не склонил головы перед опасностью гибели, ибо конечная цель это была Победа».

Пригласить к Великой Победе делает великим каждого казахстанца. Каждый внес свой посильный вклад в дело, чтобы сейчас на мирной земле нашего родного Казахстана цвели сады, росли дети, которые передадут эту вечную память, как эстафету героизма и мужества в борьбе за свободу и независимость нашего Казахстана».

Память о Великом подвиге нужна не мертвым, это нужно живым, это нужно сегодняшнему казахстанскому народу, подрастающему поколению: это они должны быть достойными подвигов своих дедов и отцов, всего старшего поколения кто доказал на поле самой кровопролитной битвы в истории человечества, верность, любовь к Родине и свободе».

Армия оснащена сложнейшей техникой, изучить ее конечно, труднее чем в годы войны. Но каждое время ставит перед воином свои задачи. Они по силам молодым, цепким умам. Учитесь, знайте, будьте крепкими духом и здоровьем. Приучайте себя к выносливости, имейте ввиду, что при всей сложности обстановки в любой момент схватки побеждает тот, кто сильнее духом, закаленнее».

Бегельдинов Талгат Якубекович

Заслуженный военный летчик-штурмовик, дважды Герой Советского Союза вступил в первый бой 17 февраля 1943 г. и в 1945 г. окончил войну командиром эскадрильи, в воинском звании «капитан».

За годы ВОВ, будучи ве-

находились под фюзеляжем самолета, а также истребителями прикрытия и наземными войсками».

В годы войны он вел боевые действия в Калининском фронте, в Воронежском, в Степном фронте, 2-ом Украинском фронте, 1-ом Украинском фронте».

Блестяще овладев тактическим приемом нанесения по противнику удара в боевом порядке «Круг», повседневно обучал этому приему своих летчиков, как наиболее эффективному и обеспечивающему штурмовой удар без потерь личного состава летчиков».

За проявление мужества и отвагу в 155 успешно выполненных боевых вылетов, лично сбитых 5 самолетов противника, за проявленный героизм в боях за освобождение городов



дущим группы в бой совершил 305 боевых вылетов без потерь состава эскадрильи. Кроме того, по заданию командования 1-го штурмового авиационного корпуса, 64 вылета на разведку с боем, где лично уничтожил: 15 танков, 29 артиллерийских установок, 64 грузовых автомашины с боеприпасами и снаряжением, 2 паровоза, 7 вагонов выгрузки, 3 склада с боеприпасами. Все эти уничтоженные имущество и вооружение противника подтверждены снимками аэрофотосъемки, сделанные двумя фотоаппаратами, которые

Александрия, Знаменка, Кировоград, за участие в боях при выходе наших войск на государственную границу, за нанесение большого урона в технике и живой силе противника – достоин звания Героя Советского Союза».

Орындыбике БЕГЕЛЬДИНОВА,
Супруга дважды Героя Советского Союза, генерал-майора авиации **Т. Бегельдинова.**
(Материал взят из книги «В небе он был неустрашим. Талгат Бегельдинов»).

АРДАГЕРГЕ ТАҒЫМ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Ұлы Жеңістің мәні мен маңызы жыл өткен сайын тереңдей түсуде. Бұл – тек тарихи дата ғана емес, ұлт жадында мәңгі сақталатын тағылым мен тағзымның символы. Ерлік пен елдіктің, батырлық пен жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен аға буынға құрмет көрсету – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Осы бағытта Шығыс Қазақстан облысында жүзеге асып жатқан игі іс-шаралар – ұлт руханиятының айқын көрінісі.



ҰЛЫ ЕРЛІКТИҢ ЖЕМИСІ!

Тарих болып кісінесе құлын жыр,
Азат болған ерке қыз бен тұлымды ұл.
Жеңіп шыққан қан майданда дұшпанды,
Жеңіс – мәңгі жырланатын жырым бұл!

Сексен бір жыл өтсе де ағып арадан,
Соғыс үні көтпейді ешбір санадан.
Сондықтан да бабаларға қарыздар,
Бейбіт күнді көзбен көрген әр адам.

Соғыс желі құшағын кең жайғанда,
Қарсы тұрған кескілескен майданда.
Батырларды мұқалмаған алмастай,
Есіңе ал тағзымыңды ет, ойлан да.

Соғыс оты бейбіт күнді жалмаған,
Шарпымаған ешбір адам қалмаған.
Қарсы тұрып бір ұранның астында,
Асыл ерлер ел намысын қорғаған.

Жеңіс үшін барша адам жан салды,
Әрбір таңды зор үмітпен қарсы алды.
Апаларым тыл майданда тер төгіп,
Кең даламды күңіреніп ән салды.

Жылап қалған жетімі мен жесірі,
Жара салған сұм соғыстың кесірі.
Қанмен бірге жазылды ғой тарихта,
Бауыржандай батыр ұлдың есімі.

Қыршын кетіп қанша ерлер жатты әлі,
Туған жердің дәмін қайтып татпады.
Қанша елдің жүрегінде сақталды,
Хиуаз, Мәншүк, Әлияның аттары.

Қанша боздақ қайта оралмай қалды да,
Қанша ана шомылды үнсіз зар-мұңға.
Ақыр соңы Рейхстагқа ту тікті,
Қошқарбаев Рақымжаным барды да!

Содан бері сексен бір жыл өткен күн,
Батырларым жеңісіне жеткен күн.
Соғыс отын жалаң қолмен өшіріп,
Әрбір адам «Жеңіс» дәнін сепкен күн.

Сексен бір жыл соғыс оты сөнгелі,
Сексен бір жыл бейбіт күнді көргелі.
Жауды жеңіп, «Жеңіс Туын» сый еткен,
Қайсар рухты батырлардың ерлігі.

Жеңіс деген — ашық күннің аспаны,
Жеңіс деген — жүректердің дастаны.
Ұрпақ үшін арпалысқан жан беріп,
Жеңіс деген — бейбітшілік бастауы!

Батырларым қанын төккен жер үшін,
Тайсалмаған қас дұшпаннан ел үшін.
Ұлықтаймын сондықтан да жүрекпен,
Ұлы Жеңіс – ұлы ерліктің жемісін!

Майор Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР».



Солардың бірі – Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты «Әскемен» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінің әскери қызметшілерінің Ұлы Отан соғысының тыл ардагері, 103 жасқа келген Анастасия Павловна Светочеваға арнайы барып, құрмет көрсетуі. Бұл – жай ғана мерекелік құттықтау емес, ел үшін от кешкен жандарға деген шынайы алғыс пен тағзымның жарқын үлгісі.

Ғасыр жасаған қарт майдангердің өмір жолы – тұтас бір дәуірдің шежіресі. Соғыс жылдарының ауыртпалығын бастан өткеріп, Отан үшін аянбай еңбек еткен Анастасия Павловнаның тағдыры – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Оның әрбір естелігі – тарихтың тірі куәсі, ал өмірлік тәжірибесі – сарқылмас рухани қазына.

Әскери қызметшілер ардагердің шаңырағына арнайы барып, ізгі тілектерін білдіріп, деніне саулық, отбасына амандық тіледі. Бұл кездесу – үлкенге құрмет көрсетудің ғана емес, ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың да маңызды көрінісі. Осындай тағылымды жүздесулер арқылы жастар бойында отансүйгіштік, адамгершілік, елге деген сүйіспеншілік қасиеттері қалыптасады.

Анастасия Светочева – тағдырдың талай сынынан сүрінбей өткен, ерлігі мен төзімділігі арқылы тарихта өшпес із қалдырған қайсар жан. Оның жастық шағы адамзат тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі – Ұлы Отан соғысының отты жылдарымен тұспа-тұс келді.

Соғыс басталған тұста ол Ленинград қаласында білім алып жүрген еді. 1941 жылы оқуын аяқтай салысымен, жау қоршауында қалған қаланы қорғауға ерікті ретінде қатысуы – оның Отан алдындағы алғашқы ерлік қадамы болды. 1942 жылдың мамыр айында ресми түрде әскер қатарына шақырылып, майдан өмірінің ауыр да жауапты жолына түсті.

Ленинград қоршауы – адам тәзгісіз қиындықтардың символына айналған тарихи кезең. Аштық, суық, үздіксіз бомбалау – мұның бәрі күнделікті өмірдің бір бөлігі еді. Осындай ауыр жағдайда Анастасия Павловна әуе шабуылына қарсы қорғаныс бөлімшелерінде қызмет атқарып, жау тастаған өрт сөндіргіш бомбаларды залалсыздандыруға, қирандылар астынан адамдарды құтқаруға және жаралыларға көмек көрсетуге белсене қатысты. Бұл – батылдық пен жанқиярлықты талап ететін аса қауіпті міндет болатын.

Кейіннен ол 26-шы жеке байланыс полкінде байланысшы қызметін атқарды. Байланысшының міндеті – майдандағы басқару жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Жауынгерлік жағдайда байланыс желісін сақтау – жеңіске жетудің маңызды шарттарының бірі. Анастасия Павловна бұл жауапты қызметті абыроймен атқарып, талай ұрыс кезінде әскери бөлімшелер арасындағы байланысты қалпына келтіруге атсалысты.

Ол Ленинград блокадасын бұзу және қаланы толық азат ету операцияларына қатысып, кейін Еуропа жеріндегі шайқастарда ерлік көрсетті. Байланыс батальоны құрамында жүріп, ондаған қалаларды азат етуге үлес қосып, соғысты Берлинде аяқтады.

Бұл – оның майдан жолының жеңіспен түйінделгенін айғақтайды.

Ерлігі елеусіз қалған жоқ. Анастасия Павловна I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ленинградты қорғағаны үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Бұл марапаттар – оның майдан даласындағы жанқиярлық еңбегі мен Отан алдындағы адал қызметінің лайықты бағасы.

Анастасия Павловнаның соғыс жылдарындағы өмір жолы – батырлықтың, төзімділіктің және Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Оның ерлігі – тек өткеннің тарихы емес, бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани шамшырақ.

Осындай жандардың өмірі арқылы біз бейбіт өмірдің қадірін түсінеміз. Ардагерге көрсетілген құрмет – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа деген жауапкершіліктің көрінісі. Ерлік ешқашан ұмытылмайды, ал батырлардың есімі ел жадында мәңгі сақталады.

Игі шаралар тек майдангерлермен шектелмей, тыл ардагерлеріне де көрсетілген қамқорлықпен жалғасын тапты. Күршім ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамы ауданның құрметті азаматы, тыл ардагері Масалимова Париза апаның үйіне арнайы барып, тұрмыстық шаруаларына көмек көрсетті.

Бұл – әскери қызметшілердің тек кәсіби міндетін атқарып қана қоймай, адамгершілік пен жанашырлық қасиеттерін жоғары қоятындығын айқын көрсетеді. Сарбаздар ардақты ананың ауласындағы жұмыстарға қолғабыс етіп, күнделікті тіршілігін жеңілдетуге атсалысты. Сонымен қатар, шекара басқармасы атынан сый-сияпат табыстап, қарияның ақ батасын алды.

Үлкеннің алғысы – кішіге аманат. Париза апаның ақжарма тілегі мен батасы жас сарбаздарға рухани күш, жігер сыйлағаны анық. Мұндай кездесулер жастарды ізгілікке, қайырымдылыққа, үлкенді құрметтеуге тәрбиелейді.

Жалпы, ардагерлерге көрсетілетін құрмет – ұлттың рухани



деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Өткенін қадірлеген елдің болашағы да берік болады. Сондықтан да мұндай шаралар тек бір реттік акция емес, жүйелі түрде жалғасып, қоғамның ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.

Бүгінгі таңда Шекара қызметінің әскери қызметшілері ел қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, қоғаммен тығыз байланыс орнатып, рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттауда да белсенділік танытып келеді. Бұл – Отан қорғаушының тек қарумен ғана емес, жүрек жылуымен де қызмет ететінін көрсетеді.

Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттың беріктігінің кепілі. Ал сол сабақтастықты сақтаудың бір жолы – ардагерлерге құрмет көрсету, олардың ерлігін ұлықтау. Бұл – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағдар.

Қорыта айтқанда, ардагерлерге деген құрмет – тарихқа деген құрмет. Ал тарихын қадірлеген елдің келешегі кемел, болашағы жарқын болмақ. Ендеше, ерлікке тағзым ету, елге қызмет еткен жандарды ардақтау – әрбір азаматтың қасиетті борышы болып қала бермек.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Суреттер департаменттен.



ӘСКЕРИ ОТБАСЫНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің өткен жылғы қорытындысы бойынша түрлі номинациялар бойынша үздіктер анықталды. Олардың бірі – қырағылығымен және жауапты қызметімен ерекшеленген подполковник Мирхат Шагиев. Ол «Үздік жедел кезекші» номинациясының иегері атанды.

Мирхат Рафхатұлының бұл марапатқа ие болуы кездейсоқ емес. Оның әскери қызметіндегі жоғары кәсіби қасиеттері мен жауапкершілігіне ерекше назар

аударылды. «Әскери қызмет барысында өзін тек қана жақсы жағынан көрсете білді, жауынгерлік кезекшілік қызметін сапалы ұйымдастырады» деген мінездеме берген басшылығы оны өте жоғары бағалады.

Әскери өмірдің қиындығы мен қызығын қатар бөлісіп келе жатқан Мирхат пен жұбайы Назгүл Кенесханқызының оқиғасы – шынайы махаббат пен мамандыққа деген құрметтің көрінісі. Екеуі Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласындағы Ломоносов атындағы орта мектепте бірге оқыған.

2004 жыл Шагиевтер әулеті үшін ерекше болды. Мирхат Шагиев офицер атанса, Назгүл Шагиева Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Педагогика» факультетін бітірді. Осы жылы отау құрған жас жұбайлар қол ұстасып, алғашқы қызмет орны – Қызылордаға аттанды.

Бүгінде Назгүл Шагиева да – Ақтөбе облысы бойынша Шекара қызметі департаментіне қарасты «Ақтөбе» авиациялық шекаралық бақылау бөлімшесінің әскери қызметшісі. Оның еңбегі де ескерусіз қалған жоқ, «Шекара қызметінің үздігі» төсбелгісінің иегері, ҰҚК ШҚ Директоры мен Департамент бастығының көптеген алғыс хаттарымен, грамоталарымен марапатталған.

Мирхат пен Назгүл – екі ұл мен екі қыз тәрбиелеп отырған үлгілі ата-ана. Олардың отбасындағы тәрбиесінің басты нәтижесі – үлкен ұлдары Уалиханның өке жолын қуып, қазіргі уақытта Шекара академиясының 3-курс курсанты болуы. Отан қорғау ұғымының бұл шаңырақ үшін жай ғана сөз емес, өмірлік ұстаным екенін көрсетеді.

Шекарашы отбасылардың өзара қолдауы мен бірлігі – ел қауіпсіздігінің берік іргетасы. Подполковник Мирхат Шагиевтің



кәсібилігі, Назгүл Кенесханқызының нәзіктігі мен төзімділігі, балаларының отансүйгіштігі – бүгінгі қазақстандық әскери отбасының нағыз көрінісі.

Отбасы күні қарсаңында осындай өнегелі шаңырақ иелеріне ашық аспан, шекарамызға тыныштық және береке тілейміз. Шагиевтер әулеті – өз

елінің шекарасын қорғаудағы адалдықтың, кәсібиліктің және отбасылық құндылықтардың айқын дәлелі!

**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «ОС-ЧР».**
Суреттер отбасылық мұрағаттан.



БЕЗ ВРЕМЕНИ НА РАЗДУМЬЯ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!

В тренировке приняли участие личный состав департамента и его структурных подразделений, а также около 50 сотрудников противопожарной службы. Было задействовано 7 единиц специальной техники.

Основная цель – отработка слаженных действий при возникновении пожара, повышение готовности личного состава к чрезвычайным ситуациям, а также практическое закрепление навыков по спасению людей и ликвидации очагов возгорания.

Сценарий учений включал сразу несколько вводных. Военнослужащие отработали действия при пожаре на крыше пятиэтажного здания, эвакуацию и вынос условно пострадавшего из зоны задымления, ликвидацию возгорания на складе ракетно-артиллерийского вооружения, а также в караульном помещении.

После завершения практической части был проведен подробный разбор. Участники обсудили сильные стороны, а также обозначили моменты, требующие доработки.

Руководитель тренировки Алимжан Мусаев дал положительную оценку проведенному мероприятию:

«Такие тренировки очень нужны. Пото-



му что в реальной ситуации никто не будет давать время на раздумья. Здесь важно, чтобы каждый понимал свою задачу и действовал быстро и спокойно. В целом отработали нормально, но есть моменты, которые еще нужно подтянуть. Для этого и проводим такие мероприятия.

Проведенные занятия показали, что

личный состав способен действовать слаженно и эффективно в условиях чрезвычайной ситуации, а подобные тренировки остаются важной частью повседневной подготовки пограничников.

Капитан А.ЖАНАЛИПОВ, «ОС-ЧР».
Фото автора.



НАЧАЛО НОВОЙ ЖИЗНИ

Проводы на заслуженный отдых – это особенно трогательное событие: для самого военнослужащего – момент начала новой жизни, для сослуживцев – минута расставания с коллегой, с которым пройден долгий путь службы, разделены трудности и достигнуты общие победы.



В Департаменте Пограничной службы КНБ по Мангистауской области состоялись торжественные проводы на заслуженный отдых начальника группы государственных закупок капитана Руслана Шаштыгалиева.

В ходе торжественного собрания начальник Департамента полковник Санат Жуманов выразил офицеру слова благодарности за многолетнюю безупречную службу, вы-

сокий профессионализм и значительный вклад в обеспечение деятельности ведомства. В знак признательности офицеру была вручена благодарственная грамота.

Руслан Шаштыгалиев посвятил службе более 24 лет. Свой путь он начал в 2001 году, проходя срочную воинскую службу в Кызылординском пограничном отряде. Именно этот период, по словам офицера, стал определяющим в выборе дальнейшего жизненного пути.

– Во время срочной службы мне понравились дисциплина и порядок. До армии я не планировал связывать жизнь с военной сферой, однако после завершения службы мое мнение изменилось, – вспоминает Руслан Шаштыгалиев.

Вернувшись домой, он принял решение продолжить службу по контракту и был назначен старшим стрелком на пограничную заставу «Кайрат» Уральского пограничного отряда.

За годы службы Р. Шаштыгалиев занимал различные должности: техника боевого информационного поста, дознавателя отдела дознания и административно-правовой работы, старшего помощника начальника отделения государственных закупок, офицера по административно-правовой работе отделения пограничного контроля.

В ноябре 2019 года ему было присвоено первое офицерское звание – лейтенант.

После реорганизации ведомства в мае 2020 года Руслан Шаштыгалиев был назначен офицером группы государственных закупок Департамента, а в сентябре 2022 года возглавил данное подразделение.

Как отмечает пограничник, работа в сфере государственных закупок требует особой внимательности и высокой степени ответственности.

Руслан Шаштыгалиев является уроженцем села Жанибек Жанибекского района Западно-Казахстанской области. За годы службы он зарекомендовал себя как ответственный, принципиальный и преданный делу офицер.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото автора.

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ – ЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ

Мемлекеттік шекара – ел қауіпсіздігінің алтын діңгегі. Ал сол шепте кірпік қақпай қызмет ететін шекарашылар – Отан тыныштығының басты кепілі. Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген офицерлердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Бақты» шекаралық бақылау бөлімінің 1-ші бөлімше бастығы капитан Фибрат Мүслім.



Мүслім Фибратұлы 1996 жылдың 23 тамызында Абай облысы Мақаншы ауданының Бақты ауылында дүниеге келген. Туған жердің топырағында тәлім-тәрбие алып, елге деген сүйіспеншілікті жүрегіне жастайынан сіңірген ол 2002–2013 жылдары Бейсенбай Сахариев атындағы Бақты орта мектебінде білім алды. Әскери жолды таңдаған жас талапкер 2013 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясына оқуға түсіп, 2017 жылы «Шекаралық бақы-

лау» мамандығы бойынша тәмамдайды. Осылайша Отан алдындағы жауапты қызмет жолы басталды.

Қызметтік жолын 2017 жылы Атырау облысы бойынша шекара департаментіне қарасты «Сазды» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметінен бастаған офицер кейін әртүрлі маңызды лауазымдарда шыңдала түсті. 2019–2021 жылдары Астана қаласындағы «Астана» шекаралық бақылау басқармасының жедел кезекшілер бөлімшесінде офицер болып қызмет атқарса, 2021–2022 жылдары ҚР ҰҚК орталық аппаратында күзету бөлімінің офицеры болды.

2022 жылдың қазан айынан бастап 2024 жылдың қараша айына дейін ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасында күзету тобының бастығы қызметін атқарды. Ал 2024 жылдың қараша айынан бастап қазіргі таңда «Бақты» шекаралық бақылау бөлімінің 1-ші бөлімше бастығы лауазымында абыройлы қызмет етіп келеді.

Қызметіне адал ісіне жауапты офицердің еңбегі елеусіз қалған емес. Мүслім Фибратұлы «ҚР ҰҚК қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталған. Сондай-ақ, 2018 жылы «Жыл шекарашысы» атанып, I және II санаттағы «Шекара қызметінің үздігі» төсбелгілеріне, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» марапатына ие болды.


Отбасында да үлгілі әке, ардақты жар. Бүгінде жұбайымен бірге екі ұл тәрбиелеп отыр. Бұл – оның тек қызметте ғана емес, өмірде де жауапкершілігі жоғары азамат екенін көрсетеді.

Капитан Фибрат Мүслім сынды офицерлер – ел шебінің беріктігін қамтамасыз етіп, жас буынға үлгі болар тұлғалар. Олардың адал қызметі – Тәуелсіз Қазақстанның тыныштығы мен тұрақтылығының сенімді кепілі.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет отбасылық мұрағаттан.

ЕРЛІК ЖОЛЫ – ҰРПАҚҚА ҰРАН

Қазақ халқының тағдырлы тарихында Ұлы Отан соғысы ерекше орын алады. Бұл кезең – ел басына күн туған, ерлер сынға түскен шақ еді. Сол бір сұрапыл жылдарда Отан үшін от кешкен жауынгерлердің қатарында Бейсен Байжанов та болды.



Оның майдандағы өмір жолы – қайсарлық пен батылдықтың, төзім мен ерліктің жарқын үлгісі.

Бейсен Байжанов 1940 жылы әскер қатарына шақырылып, көп ұзамай соғыстың алғашқы күндерінен бастап майдан даласында болды. 1941 жылдың 22 маусымында басталған соғыс оны Белоруссия жерінде қарсы алды. Могилев маңында орналасқан әскери бөлімде жүрген жас жауынгер алғаш күннен-ақ қан майданның қақ ортасына енді.

Минск бағытындағы ұрыстар – оның жауынгерлік жолының бастамасы болды. Қысқа мерзім ішінде қару алып, алғы шепке аттанған сарбаздар жауды тоқтатуға бар күшін салды. Алғашқы шайқастардың өзі-ақ соғыстың қаншалықты ауыр болатынын көрсетті. Үздіксіз бомбалау, артиллериялық атқылау, танкілердің шабуылы – мұның бәрі жас жауынгерлерді шыңдай түсті.

1941 жылдың күзі – майдандағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Қоршауда қалу қаупі, үздіксіз шегіну, азық-түлік пен оқ-дәрінің жетіспеушілігі жағдайды күрделендірді. Осындай сын сағаттарда Бейсен Байжанов жауынгерлік сертке адал болып, өз бөлімшесімен бірге қоршауды бұзып шығуға қатысты. Бұл – ерлік пен батылдықты талап ететін аса қауіпті операциялардың бірі еді.

1942 жылдың қыс айлары майдандағы жағдайды одан әрі қиындата түсті. Қатты аяз, қару-жарақтың жеткіліксіздігі, ауыр тұрмыс жағдайы жауынгерлердің жігерін жасыта алмады. Осы кезеңде жақын қашықтықтағы ұрыстар жиілеп, әрбір шайқас бетпе-бет айқасқа ұласты.

Киев бағытындағы ұрыстар кезінде Бейсен Байжанов ауыр жарақат алып, госпитальда емделді. Алайда, денсаулығы қалпына келе салысымен, қайтадан майданға оралуға өтініш білдіреді. Бұл – оның Отан алдындағы борышты бөрінен жоғары қойғанының айқын дәлелі.

Сталинград шайқасы – оның жауынгерлік жолындағы ең маңызды кезеңдердің бірі. Осы ұрыстардағы батылдығы мен табандылығы үшін Бейсен Байжанов «За отвагу» медалімен марапатталды. Бұл марапат – майдан даласындағы ерлік пен жанқиярлықтың нақты бағасы еді.

Кейінгі жылдары ол Украина жеріндегі ұрыстарға қатысып, Харьков пен Полтава қалаларын азат етуге атсалысты. Бұл операциялар барысында көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградалды.

1944 жылы Польша жеріндегі шайқастарға қатысып, Варшава қаласын азат етуге үлес қосты. Бұл кезеңде кеңес әскері батысқа қарай ілгерілеп, жауды толық талқандауға жақындады. Осы ұрыстардағы ерлігі үшін ол «За освобождение Варшавы» медалімен марапатталды.

1945 жылы Германия жеріндегі шешуші ұрыстарға қатысып, Берлин операциясына дейін жетті. Бұл – соғыстың соңғы өрі ең маңызды кезеңі болды. Көп жылдарға созылған қантөгіс ақыры жеңіспен аяқталды.

Бүгінде батырдың ерлік жолын жалғап келе жатқан ұрпағы – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті тыл бөлімінің аға офицеры, капитан Бейсен Бекболат Асқарұлы.

Ел үшін жанын қиған батырлардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ол – тарихта ғана емес, бүгінгі күннің тыныштығында, болашақтың сенімінде өмір сүріп келеді.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Суретті жолдаған капитан Б. БЕЙСЕН.

ЕРТІС БОЙЫНДАҒЫ ҚЫРАҒЫЛЫҚ

Мемлекеттік шекараның әр бөлігі өзіне тән жауапкершілік жүктейді. Бір аймақта шекарашы кең дала төсінде қызмет атқарса, енді бір аймақта өзен бойындағы қозғалысты бақылап, су үстіндегі тәртіптің сақталуына жауап береді.

Бұл бағытта жылдар бойы қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан әскери қызметшілердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің «Ертіс» шекара бөлімшесі әскери қызметшісі 3-сыныпты старшина Артур Токсанов.

Артур 2004 жылы мектеп бітіргеннен кейін Отан алдындағы борышын өтеуге аттанып, Ақтау қаласындағы 2201 әскери бөлімінде матрос болып қызмет етеді. 2007 жылы Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, ол көп ойланбастан Шекара қызметіне жұмысқа орналасады. Қазір оның қарамағында 8 әскери қызметші және 4 шағын шекаралық катер бар. Олар жағалауды, қайраңдарды, аралдарды қарап шығып, өзен арқылы өтетін қазақстандық және ресейлік су көліктерінің қозғалысын бақылайды.

Су үстіндегі шекара күзетінің астарында үлкен жауапкершілік жатыр. Әр қозғалыс, әр бағыт, әр тоқтаған қайық назардан тыс қалмауы тиіс. Шекарашылар мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібінің сақталуын қадағалап, рұқсатсыз өтуге жол бермейді. Қажет жағдайда су көліктерін мемлекеттік шекарадан «Үрлітөбе» өзен өткізу пунктіне дейін алып жүреді.

Ертіс бойындағы қызмет тек шекара сызығын күзетумен шектелмейді. Мұнда табиғи биоресурстарды қорғау, заңсыз балық аулау, браконьерлік, шекаралық белдеуде рұқсатсыз жүру, сондай-ақ өзен жағалауындағы заңсыз ерекеттердің алдын алу жұмыстары да қатар жүргізіледі. 3-сыныпты старшина Токсанов осы жылдар ішінде мемлекеттік шекараны бұзушыларды ұстау іс-шараларына бірнеше рет қатысты. Өткен жылы да оның тікелей қатысуымен шекаралық тәртіпті бұзған және заңсыз балық аулаумен



айналысқан бірнеше азаматтар анықталды.

Қызметтен тыс уақытта Артур Сеитахметұлы шаңырағының тірегі, балаларының қамқор әкесі. Жұбайы ауылдық кітапханада еңбек етеді. Қазіргі таңда екеуі бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр.

Бүгінгі күні 18 жасынан бастап әскери салада жүрген Артурдың мемлекеттік шекарадағы еңбек өтілі 22 жылдан асыпты. Шекарадағы әр күн жауапкершілік пен қырағылықты талап етеді. Осындай сын сағаттарда өз міндетін мінсіз атқарып жүрген Артур Сеитахметұлы сынды азаматтар ел қауіпсіздігінің берік тірегі. Оның өмір жолы мен қызметке деген адалдығы жас буынға үлгі болары сөзсіз.

Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».

ІСПЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазақстан шекарасы — ел тәуелсіздігінің мазғымас кепілі, ал оны қорғау — үлкен батылдық пен жауапкершілік талап ететін қасиетті міндет. Сол міндетті абыроймен арқалап келе жатқан шекарашылардың бірі — ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаменті «Майтөбе» шекара бөлімшесінің старшинасы аға сержант Ануар Дуйсбеков.



Өз өмірін шекара қызметіне арнап, ондаған жыл бойы Отанға қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан Ануардың еңбек жолы жас буынға үлгі боларлықтай. Аға сержант Ануар Сайлауұлы 1989 жылдың 27 қыркүйегінде Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Жетікөл ауылында дүниеге келген.

Әскери жолдағы алғашқы қадамын Ануар 2009–2010 жылдар аралығында 21450 әскери бөлімінде мерзімді қызметтен бастады. Бұл кезеңде ол әскери тәртіптің қатаң мектебінен өтіп, шыңдалды, Отан алдындағы борышын адал өтеді. 2011 жылы шекара қызметіне қабылданып, бүгінгі күнге дейін 15 жылға жуық өмірін осы қасиетті іске арнап келеді.

Қызмет жолындағы табандылығы мен кәсіби шеберлігі оны әрдайым жаңа белестерге жетеледі. Қазіргі таңда 2026 жылдың қаңтар айынан бастап бөлімше старшинасы болып қызмет етуде. Оның жауынгерлік рухы мен жеке құрамды басқару қабілеттері оны бөлімше ұжымы арасында құрметке лайық етіп келеді.

Ұжымдастар арасында ол тәртіптілігімен, әділдігімен және талапшылдығымен үлгі болып отыр. Оның басшылығымен жас шекарашылар кәсіби тұрғыдан шыңдалып, әскери өмірге бейімделуде. Ол әрбір шекарашыға патриотизмнің, жауапкершілік

пен жанқиярлықтың не екенін іспен көрсетіп келеді.

Қызмет жолындағы жетістіктерімен қатар, аға сержант А. Дуйсбеков — үлгілі әке және жанұясының тірегі. 2014 жылдан бері өз шаңырағының бақытын сақтап келе жатыр. Екі қыз тәрбиелеп отырған ол балаларын да Отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа баулып келеді.

2024 жылдың жауынгерлік іс – қимылы бойынша қорытындысында департаменттің ең үздік бөлімшесі «Майтөбе» шекара бөлімшесінің атануы да сол кездегі міндетін жоғары дәрежеде орындауы сеп болды. Мемлекеттік шекараны күзетудегі ісіне қосқан елеулі үлесі, жауынгерлік – қызметтік іс – қимылда қол жеткізген оң нәтижелері мен мінсіз тәртібі үшін Департамент бастығының алғысы мен грамотасымен бірнеше мәрте марапатталған.

Старшина Ануар Сайлауұлының әскери және адамгершілік қасиеттері жас шекарашыларға үлгі боларлық. Оның шекараға деген адалдығы мен қажырлы еңбегі еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі елеулі үлес болып қала береді.

Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР». Суретті түсірген лейтенант С. НҰРҚАБЫЛОВ.

ШЕП ПЕН ШАҢЫРАҚ АРАСЫНДАҒЫ ӨМІР

Солардың бірі – ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасы шаруашылық тобының жүргізушісі кіші сержант Мухтар Сердалиев. Оның өмірі – көзге көрінбейтін еңбек пен үнсіз қызметтің көрінісі.

Аткенттің топырағында дүниеге келген қарапайым баланың тағдыры бір күні шекарамен тоғысады деп кім ойлаған?! Мектеп қабырғасынан шыққан жас жігіт алдымен зауытта шыңдалып, өмірдің алғашқы сабағын еңбектен үйренді. Темірдің салмағы мен уақыттың қаталдығы оны ерте есейтті. Он жылдық еңбек жолы оның бойына төзімділік пен сабыр дарытты. Ал 2009 жыл – оның тағдырындағы жаңа белес. Әскери киім киген сәттен бастап, оның өмірі нақты тәртіп пен айқын мақсатқа бағынды. Жүргізуші – жай ғана рөл ұстаған адам емес. Ол – уақыт пен тапсырманың арасын жалғайтын көпір. Ветеринарлық лазареттен бастап техник-жүргізуші, кейін шаруашылық тобы-

Таңғы шекара. Тыныштықтың өзі де мұнда тәртіпке бағынады. Сап түзеген сарбаздар, қозғалысқа дайын техника, күннің алғашқы сәулесімен бірге басталатын қызмет... Осы көріністің ішінде көзге бірден түсе бермейтін, бірақ бүкіл жүйенің тынысын ұстап тұрған жандар бар.



ның жүргізушісі ретінде Мухтар Базарханович әр сапарда бір міндетті орындады – сенімді болу. Қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығында, түнгі кезекшіліктер мен шығыл тапсырмаларда ол ешқашан «кейін» дегенді білмеді. Өйткені шекара қызметінде «кейін» деген сөз жоқ – мұнда бәрі дәл уақытында орындалуы тиіс.

Марапат – кейде кеудеге тағылған белгі емес, ол – артта қалған жылдардың салмағы. Дегенмен, 2012 жылы берілген «II-дәрежелі Шекара қызметінің үздігі» төсбелгісі – оның еңбегіне берілген ресми баға. Ал шын марапат – бірге қызмет еткендердің сенімі. «Оған тапсырсаң – орындалады» деген сөз – кез келген марапаттан жоғары.

Сегіз баланың әкесі болу – бұл да бір «шекара». Бірақ бұл шекара – махаббат пен жауапкершіліктің шебі. Төрт ұл

төрт қыз – әрқайсысы бір әлем. Жұбайы да әскери қызметте. Бұл отбасы үшін әскери өмір – жай ғана қызмет емес, ортақ тағдыр. Таңғы шығу, кешкі күту, түсіністік пен сабыр – осының бәрі олардың өмірінің ажырамас бөлігі. Балалары үшін ол – жай әке емес. Ол – үлгі. Оның үнсіз еңбегі, тәртібі мен сабыры бір ұлының жүрегіне жол тауып, оны да әскери жолға алып келді.

Бүгінде ол зейнет жасына келіп, әскери өмірдің бір парағын жабуға жақын. Бірақ бұл – аяқталу емес. Бұл – жаңа кезеңнің басталуы. Шекарада өткен жылдар артта қалуы мүмкін. Бірақ сол жылдарда қалыптасқан мінез, тәртіп, жауапкершілік – өмір бойы бірге жүретін құндылықтар.

Мухтар Сердалиев – даңқ қуып, биік мінбер іздеген жан емес. Ол – өз орнында адал еңбек етіп, ел шебін де, отбасының шебін де қатар қорғаған азамат. Осындай қарапайым жандардың арқасында шекара берік, ел тыныш.

Подполковник Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР». Сурет басқармадан.



ҰМЫТУҒА БОЛМАЙТЫН ТАРИХ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері 27-ші рет Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар паркінде орналасқан Даңқ мемориалындағы Мәңгілік алау жанында Ұлы Жеңіс күні мерекесіне арналған дәстүрлі бір айлық еске алу вахтасы өтті. Оның басты қатысушылары – қала мектептерінің оқушылары. Олардың арасында ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің қамқорлығындағы «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубы да бар.

Бүгінде жасөспірімдердің әскери-патриоттық клубтарының жетекшілері мен мектептердің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері Мәңгілік алау жанындағы Құрмет қарауылының қайта жаңғыруының бастауында тұрған кезеңдерді еске алады. Олардың айтуынша, алғашқы қарауыл 1980 жылы қойылыпты. Сол уақыттан бері Еске алу вахтасы жыл сайынғы маңызды шараға айналып, оған қатысу әрбір сол кездегі кеңестік оқушы үшін үлкен мәртебе болған.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұл дәстүр біразға дейін үзіліп қалды. Алайда 1999 жылы игі дәстүрді қайта жаңғырту туралы шешім қабылданды. Содан бері жыл сайын 9 сәуір мен 9 мамыр аралығында Алматыдағы білім ошақтарының оқушылары – оларды бағыттап, қолдау көрсететін әскери құрылымдар – шекарашылар, десантшылар, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдері және өзге де сала мамандарының жетекшілігімен Мәңгілік алау жанында күн сайын қарауылға түседі.

Сырт көзге бұл шара кейбіреулерге жай ғана балалардың бос уақытын тиімді өткізуі немесе тәрбие шаралары сияқты көрінуі мүмкін. Алайда бұл – мүлде олай емес - дейді Алматы қаласындағы №102 мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, «Краснознаменный крейсер Киров» әскери-патриоттық клубының негізін қалаушы Бақытжан Перімбетов.


Айта кету керек, Алматы қаласында алғаш рет «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының негізін қалаған Б.Перімбетовтің айтуынша, Еске алу вахтасы – әскери-патриоттық клубтардағы жұмыстардың бір ғана бөлігі. Клуб мүшелері мұнда аптасына төрт рет қатысып, саптық дайындықтарын жетілдіреді, қару қолдану дағдыларын меңгереді, оқу-жаттығу полигондарына жиі шығады. Әсіресе жасөспірімдер жазғы демалысты асыға күтеді: бұл уақытта олар Үлкен Алматы көлінің жанында тұрған лагерге барып, Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Алмаарасан» шекара

бөлімшесінің жанында тау дайындығынан өтеді. Осылайша, бұл тек әуестік емес, көптеген жас үшін болашақта еліміздің Қарулы күштері қатарында қызмет етуге жасалған нақты қадамға айналады.

«Олар бастапқы әскери дайындық, әскерге дейінгі даярлық және тереңдетілген дайындық бағдарламаларынан өтеді. 9-шы сыныпты аяқтаған соң, болашақ мамандығын таңдай бастайды: ҰҚК Шекара академиясына немесе өзге де отандық әскери жоғары оқу орындарына түсе алады», – дейді Бақытжан Перімбетов.

Бұл үшін кадеттер әскери оқу орындарының өмірімен танысып, Алматы гарнизоны оның ішінде Алматы облысы бойынша департаментінің аясында ұйымдастырылған түрлі шараларға қатысу арқылы өзінің қабілеті мен бейімділігіне сай болашақ мамандығын таңдайды.

Болашағын әскери мамандықпен байланыстыруды армандайтын мектеп түлектері үшін бұл – үлкен өмірге бастайтын алғашқы баспалдақ іспетті. Соның арқасында олар 11-сыныпты аяқтаған соң



таңдаған әскери оқу орнына түсуге нақты мүмкіндік алады.

Міне, 9 сәуірде басталып, 9 мамырға дейін жалғасқан Еске алу вахтасы – желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына небір асыл қасиеттер сіңіргені анық.

ҚР Журналистер одағының мүшесі, әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

АЛДЫҒЫ ШЕПТЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Көктем-2026» шақырылым сарбаздарының қатысуымен зиялы қауым өкілдерімен мазмұнды кездесу өтті. Аталған іс-шараның басты мақсаты - жас сарбаздардың рухани дүниесін байыту, отансүйгіштік қасиеттерін арттыру.



Кездесуге еліміздің әр саласында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған тұлғалар арнайы шақырылды. Атап айтқанда, жас ақын, жазушы әрі аудармашы А.Сүлеймен, Қазақстан Республикасы Шеберлер одағының және саз аспаптары одағының мүшесі, түркі әлемінің ұлттық музыкалық аспаптарын жасаушы шебер Е.Тұрсынұлы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Алакөл ауданы ұлттық спорт федерациясының президенті А.Нұрланұлы, сондай-ақ «Алакөл медиа» ақпараттық-танымдық сайты мен «Алакөл ТВ» телестудиясының негізін қалаушы Н.Меңдібайұлы қатысты.

Шара барысында қонақтар өздерінің

өмірлік тәжірибелері мен кәсіби жетістіктері туралы кеңінен әңгімелеп, жас сарбаздарға бағыт-бағдар берді. Әсіресе, шығармашылық жолдағы табандылық, еңбекқорлық пен ізденістің маңызы ерекше атап өтілді. А.Сүлеймен жастарға әдебиет пен тілдің құндылығы жайында ой қозғап, адам руханиятының дамуы білім мен мәдениеттен басталатынын жеткізді. Өз кезегінде Е.Тұрсынұлы ұлттық өнердің ұрпақ сабақтастығындағы рөліне тоқтады. Дәстүрлі музыкалық аспаптарды жасау арқылы тарих пен мәдениетті сақтаудың маңызын түсіндірді.

Спорт саласының өкілі А.Нұрланұлы сарбаздарға салауатты өмір салтын ұстанудың, тәртіп пен шыдамдылықтың адам өміріндегі орны ерекше екенін атап өтті. Ол жастарды үнемі спортпен айналысуға, денсаулықтарын күтуге және ерік-жігерді шыңдауға шақырды. Ал Н.Меңдібайұлы ақпараттық кеңістіктегі жауапкершілік туралы айтып, қазіргі заман жастары үшін дұрыс ақпарат көзін таңдаудың маңызына назар аударды.

Жалпы алғанда, аталған кездесу жас сарбаздардың рухын көтеріп, бойларында патриоттық сезімді қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілікті арттыруға ықпал етті. Мұндай тағылымды шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табары сөзсіз.

ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

УВЕРЕННОСТЬ - ЧАСТЬ СЛУЖБЫ

Служба на границе требует не только выносливости и дисциплины. Не менее важна внутренняя устойчивость – способность сохранять хладнокровие, контролировать эмоции и принимать решения в любой обстановке. Именно эти качества лежат в основе надежности военнослужащих Пограничной службы.



психологического напряжения, элементы аутотренинга, приемы саморегуляции в условиях стресса. Отдельный акцент был сделан на устойчивости в сложных ситуациях и умении сохранять контроль.

Занятие провели военные психологи майор Азамат Сарсенов и лейтенант Азат Муханжар, имеющие практический опыт работы с личным составом в условиях повышенной ответственности. Их задача была не просто обучить, а передать наработанные в службе подходы, проверенные реальной практикой.

В занятии приняли участие 30 военнослужащих срочной службы. Работа проходила в живом формате, с вовлечением каждого участника и разбором конкретных ситуаций.

Такое межведомственное взаимодействие наглядно показывает: опыт, сформированный в подразделениях Пограничной службы, востребован и эффективно применяется в других силовых структурах. Это не формальный обмен, а реальная передача навыков, которые повышают общую готовность личного состава.

Именно в таких форматах раскрывается суть службы – когда знания и опыт работают на общий результат, укрепляя профессиональную устойчивость военнослужащих вне зависимости от ведомственной принадлежности.

Потому что уверенность – это не абстрактное качество. Это навык, который формируется в службе и передается тем, кто стоит рядом.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР». Фото лейтенанта А. МУХАНЖАР.



Суреттерді түсірген қатардағы А.Нүкешов.



СПОРТ

МҰЗ АЙДЫНЫНДАҒЫ АЙҚЫН БАСЫМДЫҚ

Қостанай қаласында «Қостанай әуесқой хоккей лигасы» кубогының жартылай финалындағы тартысты кездесулердің бірі өтті. Мұз айдынында «СССР» командасы мен ҰҚК Шекара қызметі Қостанай облысы бойынша департаментінің «Қалқан» құрамасы өзара бақ сынады. Жоғары тартыс пен қызыққа толы ойын турнирдің шынайы көркіне айналды.

Кездесудің алғашқы минуттарынан-ақ «Қалқанның» жеңіске деген жігері анық байқалды. Шекарашылар ойын тізгінін өз қолдарына алып, қарсыласқа өз қарқынын көрсетті. Ұйымшыл қимыл, нақты пас пен нәтижелі шабуылдардың арқасында есеп бірінші кезеңнің өзінде «Қалқанның» пайдасына шешіле бастады.

Қарсылас команда қарымта шабуыл ұйымдастыруға тырысқанымен, бұл күні шекарашылар барлық бағытта басымдық танытты. «СССР» сапында Евгений Соколов ерекше көзге түсіп, табандылығы мен ұтқыр ойыны үшін команданың үздік ойыншысы атанды.

Ал «Қалқан» құрамында матчтың басты қаһарманы Павел Бузуляк болды. Оның дәл соққылары, шабуылдағы белсенділігі мен нәтижелі ойыны команданың ірі есеппен жеңіске жетуінде шешуші рөл атқарды. Нәтижесінде финалдық сирена «Қалқанның» 11:2 есебімен сенімді жеңісін тіркеді.

Бұл тек кезекті жеңіс емес, команданың жоғары дайындығы мен шынайы мінезін көрсеткен ойын болды.

Жанкүйерлердің қошеметі, үздіксіз қолдауы мен ұрандары ойынның көркін қыздыра түсті. Мұндай қолдау командаға қосымша серпін бергені анық сезілді.

Матчқа департамент басшылығы да қатысып, бұл спорттық бастамалардың жеке құрам арасындағы маңызын тағы бір мәрте айқындады.

Команданың табысты өнер көрсетуіне жаттықтырушы, запастағы майор Қали-



жан Кажымұқанұлының қосқан үлесі зор. Оның жетекшілігімен «Қалқан» тәртіпке негізделген, сауатты әрі нәтижелі хоккей ойынын көрсетіп келеді.

Жартылай финалдағы сенімді жеңіс «Қалқанға» турнирдің шешуші кезеңіне жол ашты. Енді ҰҚК Шекара қызметі Қостанай облысы бойынша департаментінің командасы финалда «Siberian Wellness» құрамасымен кездесіп, ҚӘХЛ кубогының басты жүлдесін сарапқа салады.

Аға лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР». Сурет ғаламтордан.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАРАФОНЫ ӨТТІ

ҰҚК Шекара қызметі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің әскери қызметшілері Петропавл қаласында өткен «Run for Autism» қайырымдылық жүгіру марафонына қатысты. Жарысқа қатысушыларға 2,5, 5 және 10 шақырымдық қашықтықтар ұсынылғанымен, шекарашылардың барлығы ең ұзақ – 10 шақырымдық бағытты таңдады.

Бұл таңдау олардың қызметтік болмысына тән мінезді аңғартты. Себебі шекарашы үшін қандай жағдайда да соңына дейін бару, жауапкершіліктен қашпау – күнделікті қызметпен қалыптасқан қағида. Сондықтан олардың ең күрделі қашықтықты таңдауы заңды құбылыс болды.

Он шақырымдық бағыт қатысушылар үшін тек спорттық сын емес, ерік-жігер мен төзімділіктің де көрсеткішіне айналды. Мұнда физикалық дайындықпен қатар табандылық, тәртіп және мәреге дейін қарқынды жоғалтпау маңызды рөл атқарды.

«Run for Autism» жарысы аутизмге шалдыққан жандарды қолдауға және инклюзивті қоғам қалыптастыруға бағытталған халықаралық бастама. Қазақстанда бұл жоба 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт аралығында бастама мыңдаған адамды біріктіріп, ерекше қа-

жеттілігі бар балаларға арналған арнайы қолдау кабинеттерін ашуға мүмкіндік берді.

Жобаның негізгі мақсаты – қайырымдылық көмектен бөлек, қоғамда ерекше балалар мен олардың отбасыларына деген түсіністік пен жанашырлық мәдениетін қалыптастыру.

Жарыс барысында қатысушылар арасында ұйымшылдық пен өзара қолдау ерекше сезілді. Әрқайсысы өз қарқынымен жүргенімен, барлығын ортақ мақсат біріктірді. Осындай сәттерде шынайы бірлік пен әскери рух анық байқалады.

Шекарашылардың бұл шараға қатысуы тек спорттық белсенділік ғана емес, қоғам алдындағы азаматтық жауапкершіліктің көрінісі болды. Себебі патриотизм тек сөзбен емес, нақты іспен, ел мен қоғамға пайдалы бастамаларға қолдау көрсету арқылы айқындалады.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.





Сәтеш хат!

Арыстандар, әкелім, анамның!
 Жас ағайындарың оң уақыт! Және уақыт-
 тарың оң уақыт! Ауыр емес - сарваз-
 емес арыстарың ме?
 Қарулы ерлер! Аяқтарың маңайың уақыт!
 Тенің аяқ ме? Оқуға ме?
 Мен сіздерді, ерке қарулы ерлер мен
 ікелімді ұятта сағынғам. Сіздердің
 жаулап алуың. Әр әкелімді сағын-
 ғандарың оң уақыт сағынғам жаула-
 ғандарың оң уақыт!
 Менің бақым оң уақыт! Және
 өміріңе ұятта кеткен. Оқуға
 мен көп кәсімі ұятта. Сіздер-
 дің қарулы ерлерің түсінігім.
 Жаулап алуың оң уақыт, менің аяқым!
 Әкелімге аяқ қарулы ерлер. Сол
 кезге уақыт тауып келсеңдер,
 ұятта уақыт ерлер.
 Аяқ уақыт оң уақыт аяқым оң уақыт.
 Сіздерді ұятта уақыт уақыт уақыт
 түсінігім аяқым. Аяқым!
 Бәтіндерің оң уақыт!
 Қарулы ерлер Таңері Қоршаған.
 Қарулы ерлер Таңері Қоршаған.



OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины
 ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
 Меншік иесі:
 Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
 Редакцияның мекенжайы:
 Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
 Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
 Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
 E-mail: smi_pogran@mail.ru
 ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
 gov.kz/memleket/entities/shekaraknb
 Бас редактор: Рахат Нурғалиев
 Редактор: Азамат Мұханов
 Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші:
 Нұржан Қабдулов
 Корректорлар: Майра Касенова, Өркен Шопашев
 Нөмірдің кезекші редакторлары:
 Жанар Кемел, Айдос Киргизбаев, Диас Жанұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген. "ОС-ЧР" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.